

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ


Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қаратай Тұрысов атындағы геология, мұнай және тау-кен ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

Сұлтан Аружан Кәмілжанқызы

Алматы облысы Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылын ауыз сумен жабдықтау
үшін жерасты суларын барлау жобасы



Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B060700 - Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын іздеу

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қаратай Тұрысов атындағы геология, мұнай және тау-кен ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Мұнай және газ геологиясы
кафедрасының меңгерушісі
PhD доктор, ассоц. профессор
Енсеппбаев Т.А.
“_____” _____ 2020 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА


Тақырыбы: “Алматы облысы Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылын ауыз сумен
жабдықтау үшін жерасты суларын барлау жобасы”

Мамандығы 5В060700 – Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын іздеу

Орындаған
Сұлтан А.К.

Ғылыми жетекші

PhD докторы



Көлдеева Э.М.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қаратай Тұрысов атындағы геология және мұнай - газ ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

5B060700 – Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын іздеу

БЕКІТЕМІН

Мұнай және газ геологиясы
Кафедрасының меңгерушісі
PhD доктор, ассоц. профессор
_____ Енсепбаев Т. А
“_____” _____ 2020ж.

**Дипломдық жобаны орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Сұлтан Аружан Кәмілжанқызы

Тақырыбы: Алматы облысы Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылын ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларын барлау жобасы

Университет Ректорының 2020 жылғы « 27 қаңтар» № 762- б бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмыстың тапсыру мерзімі « 25 » мамыр 2020ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: Іле ойпатының батыс бөлігіндегі Іле Алатауы таулы жотасы көтеріледі. Таулы бөліктер үшін бедердің терең ирелең сайлармен, V – тәрізді көлденең профилді иеленетін таулы өзен аңғарлары, беткейлердің тіктігі мен ашылымдардағы сулы кешендер суреттеледі.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

- a) Жобалау ауданының табиғи-климаттық сипаттамасы
- б) Жобаланатын жұмыстардың көлемі мен әдістемесі
- в) Техникалық бөлім
- г) Экономикалық бөлім

Сызба материалдар тізімі:

1. Ауданның шолу картасы;
2. 1: 100000 масштабындағы ауданның гидрогеологиялық картасы және оның қимасы;

3.1: 100000 масштабтағы аймақтың гидрогеологиялық картасы және оның қимасы;




4. Бұрғылаудың геологиялық - техникалық құжаттамасы;
Ұсынылатын негізгі әдебиет

1. Лосев А.М., Малахов В.Д. «Отчет о результатах разведки Узун-Агачского месторождения подземных вод» (по работам 1972-1977 гг.)


Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастыралатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Жобалау ауданының табиғи-климаттық сипаттамасы	12.03.20ж. – 26.03.20ж.	
Жобаланатын жұмыстардың көлемі мен әдістемесі	27.03.20ж. – 12.04.20ж.	
Техникалық бөлім	13.04.20ж. – 24.04.20ж.	
Экономикалық бөлім	24.04.20 ж. – 04.05.20ж.	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушыларының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер	Қол қойылған күні	Қолы
Жобалау ауданының табиғи-климаттық сипаттамасы	Э.М.Көлдеева PhD доктор	25.03.2020	
Жобаланатын жұмыстардың көлемі мен әдістемесі	Э.М.Көлдеева PhD доктор	11.04.2020	
Техникалық бөлім	Э.М.Көлдеева PhD доктор	23.04.2020	
Экономикалық бөлім	Э.М.Көлдеева PhD доктор	03.05.2020	
Норма бақылау	Ж.С.Құдайберді жаратылыстану ғылымдарының магистрі, тьютор	21.05.2020	

Ғылыми жетекші



Э.М.Көлдеева

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



А.К.Сұлтан

Күні

«21»_мамыр_2020

АНДАТПА

Дипломдық жобада Ұзынағаш кенорнының геологиялық құрылымы, гидрогеологиялық жағдайлары, жерасты суларының пайдаланылатын қорлары мен олардың сапасының сипаттамасы көрсетілген және кенорынның қазіргі жағдайы мен болашақта елді-мекенді ауыз сумен қамтамасыз ету шаралары көрсетілген.

Дипломдық жобаның мақсаты Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылын ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларын барлау болып табылады.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте отражены геологическое строение, гидрогеологические условия месторождения Узынагаш, эксплуатационные запасы подземных вод и характеристики их качества, современное состояние месторождения и мероприятия по обеспечению населенных пунктов питьевой водой в будущем.

ANNOTATION

The diploma project reflects the geological structure, hydrogeological conditions of the Uzynagash field, operational reserves of underground water and a description of their quality and the current state of the field and measures to provide settlements with drinking water in the future.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	8
1	Жобалау ауданының табиғи-климаттық сипаттамасы	9
1.1	Климаты	9
1.2	Орографиясы	9
1.3	Гидрографиясы	9
1.4	Ауданның гидрогеологиялық жағдайы	10
2	Жобаланатын жұмыстардың көлемі мен әдістемесі	11
2.1	Дайындық кезеңі мен жобалау	11
2.2	Гидрогеологиялық жұмыстар	11
2.3	Тәжірибелік-сүзілулік жұмыстар	11
2.4	Стационарлы гидрогеологиялық (режимдік) бақылаулар	12
2.5	Зертханалық жұмыстар	12
2.6	Камералдық жұмыстар мен есепнама жасау	12
2.6.1	Жерасты суларының Ұзынағаш кенорны бойынша, қолда бар материалдарды жинау, жүйелендіру және талдау	12
2.6.2	Ұзынағаш кенорнының сутартқыштарды пайдалану тәжірибесі бойынша материалдарды жинау, талдау және өңдеу	13
2.6.3	Далалық материалдарды камералдық өңдеу	13
2.6.4	Жерасты суларының пайдаланылатын қорларын есептеулерге, ақпарат дайындау	13
3	Техникалық бөлім	14
3.1	Геологиялық құрылымы	14
3.2	Гидрогеологиялық жағдайлары	15
3.3	Есептік гидрогеологиялық параметрлерді анықтау және жерасты сулары қорларын есептеу үшін басқа мәліметтерді негіздеу	15
3.4	Жерасты суларының пайдаланылатын қорларын есептеу	16
3.5	Жерасты сулары пайдаланылатын қорының қамтамасыздық деңгейін бағалау	17
3.5.1	Табиғи қорларды бағалау	18
3.5.2	Табиғи ресурстарды бағалау	18
3.6	Жобалаудың геологиялық-гидрогеологиялық жағдайын бағалау	19
3.7	Сүзгілерді таңдау үшін есептеулер	20
3.8	Су көтергіш сораптарды жобалау	21

	3.9	Ұңғыманы бұрғылаудың технологиясы мен техникасы	23
	3.10	Санитарлы қорғау белдемін есептеу	27
4		Экономикалық бөлім	29
	4.1	Жобаланған жұмыстардың экономикалық сипаттары	29
		Қорытынды	30
		Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	31
		А қосымшасы Орташа көпжылдық климаттық деректер	32
		Б қосымшасы Ауданның гидрогеологиялық картасы	33
		В қосымшасы Д – Е сызығы бойынша гидрогеологиялық қима	34
		Г қосымшасы Аймақтың гидрогеологиялық картасы	35
		Д қосымшасы №2 Ұңғыма бойынша геологиялық-техникалық құжаттама	36
		Е қосымшасы Геологиялық барлау жұмыстарының сметалық құнының жобалық есебі	37

КІРІСПЕ

Дипломдық жобаның мақсаты Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылын ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларын барлау болып табылады.

Ұзынағаш кенорынын толық барлаудың негізгі нәтижесі, Іле ойпатының батыс бөлігі шектерінде, жерасты суларын пайдалану бағыты мен қазіргі жағдайын ескере отырып, жерасты суларының пайдаланылатын қорларын қайта бағалау болып табылады.

Қарастырылып отырған аумақта, гидрогеологиялық зерттеулерді жүргізу кезінде, алғаш рет жасы бойынша әртүрлі сулы горизонттар мен кешендерді пайдаланудың оптималды үлгісі ұсынылады. Бұл үлкен аумақта сулы ресурстардың табиғи ластануы мен құрғап кету мүмкіндігін болдырмайтын, барынша ұтымды пайдалану сұлбасына әкелуі мүмкін.

Алға қойылған тапсырмаларды шешу үшін, осы жобамен Іле ойпатының батыс бөлігінде дайындық кезеңі, жобалау, гидрогеоэкологиялық және санитарлық тексеруді қамтитын, далалық және камералдық жұмыстар кешенін, тәжірибелік-сүзілулік жұмыстарды, стационарлы гидрогеологиялық (режимдік) бақылауларды, гидрологиялық, зертханалық жұмыстарды жүргізу, есемнама жасау қарастырылады.

Жобамен Іле ойпатының батыс бөлігіне маршруттық гидрогеологиялық және геоэкологиялық тексеру жүргізу қарастырылады. Гидрогеологиялық маршруттардың бағыты мен ұзақтығы, бұрында барланған және ұсынылған жобалық сутартқыштар мен елді-мекендердің орналасуына байланысты, онда жерасты суларының сутартқыштары елді-мекендерді шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жұмыс жасайды.

Толық барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша елді-мекендерді шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету мен жерді суару үшін жерасты суларының пайдаланылатын қорларын бағалау жұмыстары жүргізілді. А+В+С₁ категориялары бойынша, соның ішінде: жерді суару үшін – орташа жылдық сутартуда - 462,2мың.м³/тәулік, шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету үшін - 35,4 мың.м³/тәулік мөлшерде бағаланды.

Қазіргі уақытта, жерасты суларының Ұзынағаш кенорынында жерасты сулары Алматы облысы, Жамбыл ауданында Ұзынағаш аудан орталығын және Бұрған, Көкөзек, Жаңақұрылыс ауылдарын шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету үшін ғана пайдаланылады.

Ұзынағаш кенорынында ЖСПҚ қайта бағалау мақсатындағы толық барлау жұмыстары 25 жылдық пайдалану уақытының аяқталуымен, сол сияқты сушаруашылық жағдайдың өзгеруімен байланысты.

Суарылатын массивтер, негізінен тұрақты өзен ағысы бар, сулы артерияларға созылатын аумақтарда сақталған.

1 Жобалау ауданының табиғи-климаттық сипаттамасы

1.1 Климаты

Ауданның климаты күрт континенталды, жазы ыстық, қысы суық, ауаның айлық және тәуліктік температуралары ауытқуының үлкен амплитудаларымен, атмосфералық жауын-шашындардың аздаған мөлшерімен және олардың уақыт және алаң бойынша біркелкі емес таралуымен сипатталады. Бұл олардың геоморфологиялық ерекшеліктері мен гипсометрлік жағдайымен байланысты. Ауданның климаттық сипаттамасы Прудки, Ұзынағаш және Ақсеңгір метеостанциялары бойынша жүргізіледі.

Ұзынағаш метеостанциясы бойынша жауын-шашындардың орташа жылдық мөлшері 425-438 мм құрайды. Таулы бөліктерді қар жамылғысы 30-50см, орташа 36см жетеді және 180-220 күн жатады, жазықтықта оның биіктігі 10-20см құрайды, қарашадан ақпан-наурыз айларына дейін жатады.

Аумақтың континенталды жағдайлары жыл бойында ауаның төменгі абсолюттік ылғалдылығымен негізделеді. Абсолюттік ылғалдылықтың орташа жылдық мөлшері 6,0-8,0 мб шектерде ауытқиды.

1.2 Орографиясы

Қарастырылып отырған аудан орографиялық қатынаста бедердің әртүрлі типтерімен сипатталады. Оның оңтүстік бөлігінде Іле Алатауы таулы жотасы көтеріледі. Таулы бөліктер үшін бедердің терең ирелең сайлармен, V – тәрізді көлденең профилді иеленетін таулы өзен аңғарлары, беткейлердің тіктігі мен ашылымдар тән. Жіңішке суайырықты тарамдар үшкір ұшты шыңдармен аяқталған, олардың абсолюттік белгілері 4300-5017м жетеді. Барынша жоғары атулы массивтер мұздықтар және қар жұрнақтарымен жабылған.

Шығыста тауалды сатысынан төменде таулы өзендердің ысырынды конустары орналасады, 6-8км-ден 12-15км дейінгі енді тауалды шлейфін түзеді. Олардың барынша ірілері Ұзын-Қарғалы, қастек және Қарақастек болып табылады. Олардың таулардан солтүстік бағытта шамалы толқынды беті 700-1000м шектердегі абсолютті белгілерді иеленеді және тау өзендерінің аз тереңдіктегі енді аңғарларынан, уақытша суқұйылыстарының көптеген шұңқырлармен күрделенген.

1.3 Гидрографиясы

Ауданның орографиялық ерекшеліктері (биік таулы құрылымдардың, тауалды шлейфінің суөткізгіш түзілімдерінің болуы) мен климаттық жағдайлары көптеген өзендер мен бұлақтардан тұратын, жақсы дамыған гидрографиялық торапты негіздейді.

Тау типіндегі өзендер қарлы-мұздықтармен қоректену арқылы қар сызықтарынан жоғары бастау алады. Оларға Қастек, Қарақастек, Ұзынағаш, Ұзынқарғалы, Шамалған және т.б. өзендер жатады. Олардың сулы режимі қарлар мен мұздықтардың еру қарқындылығына, атмосфералық жауын-шашындардың мөлшеріне байланысты және екі су тасқынымен сипатталады: көктемде (наурыз-сәуір айлары) – мезгілдік қар қорларының еруі мен атмосфералық жауын-шашын

мөлшері есебінен және жазда (шілде-тамыз) – жылдың ең ыстық кезінде мұздықтар мен биік тауларда қарлардың еруімен негізделген.

1.4 Ауданның гидрогеологиялық жағдайы

Қарастырылып отырған аумақтың гидрогеологиялық жағдайлары негізінен геология-құрылымдық, геоморфологиялық және климаттық ерекшеліктерімен анықталады.

Төменде бөлінген сулы горизонттар мен кешендердің сипаттамалары келтірілген.

Ортаңғы төрттік аллювиалды-пролювиалды түзілімдердің сулы кешені (арQ_{II}) ауданның оңтүстік және батыс бөліктерінде бөлінеді. Алғашқы жағдайда ол ысырынды конустардың түзілімдеріне, екінші жағдайда – тауалды жазықтарына ұштасқан. Нақты шекаралардың болмауына байланысты, гидрогеологиялық қатынаста бірегей сулы кешен ретінде қарастырылады.

Арынды сулардың пьезометрлік деңгейі жер бетінен 0,6-1,7метрден +7,14 - +11,7 метрге дейінгі тереңдіктерде белгіленеді. Ұңғымалардың дебиттері өзіндік құйылыста 1,5-1,7л/сек, сутарту кезінде, су деңгейі 24,2 – 14,5 м төмендегенде, олар 3,3 – 33,2 л/сек, үлестік дебиттер – 0,13 – 2,28 л/сек тең.

Жерасты сулары тұщы, сапасы жақсы, минералдылығы 0,2 – 0,8 г/л, құрамы бойынша гидрокарбонатты, кальцийлі, кейде сульфатты-гидрокарбонатты кальцийлі немесе гидрокарбонатты-сульфатты кальцийлі, гидрокарбонатты кальцийлі-натрийлі.

Ортаңғы төрттік аллювиалды түзілімдердің сулы горизонты (aQ_{II}) ауданның солтүстік-батыс бөлігінде таралған және Қаскелең, Шамалған, Ұзын-Қарғалы, Ақсеңгір, Жиренайғыр өзендерінің үшінші жайылма үсті террасаларында жататын түзілімдерге ұштасқан. Құм, гравийлі-малтатастар, саздақтардың кабатшалары ішіндегі малтатастар сулы болып табылады.

Төменгі төрттік аллювиалды түзілімдердің сулы горизонты (арQ_I) кеңінен таралған. Сулы кешеннің қоректенуі таулы құрылымдар жағында су ағуы, ал арыны төмен алаңдарда – жоғарыда жататын сулы горизонттардан құйылу есебінен жүзеге асырылады.

Сулы кешеннің жерасты сулары, Алматы облысының, Жамбыл, Қарасай және Іле аудандарының елді-мекендерін шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз етудің н

2 Жобаланатын жұмыстардың көлемі мен әдістемесі

Ұзынағаш кенорынында жерасты суларының пайдаланылатын қорларын бағалау мақсатында бұрында барланған, бекітілген пайдаланылатын қорларды пайдалану дәрежесін ескеріп, келесідей тапсырмаларды шешу қажет:

- сулы баланстың негізгі элементтерінің қазіргі жағдайларына мөлшерлік баға беру мен анықтау, кенорынының жаңа шекараларында жерасты және жер беті суларының өзара әрекеттесу сипаты мен деңгейін белгілеу;

- Ұзынағаш кенорынының жаңа шекараларында, жұмыс жасап тұрған сутартқыштардың телімдерінде, гидрогеологиялық параметрлерді нақтылау.

2.1 Дайындық кезеңі мен жобалау

Бұл кезеңде Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің тұрақты жұмыс жасап тұрған торабында көпжылдық режимдік бақылау деректерін, қайта бағаланған алаңдардың қолда бар геология-гидрогеологиялық материалдарын, жұмыс жасап тұрған сутартқыштарды пайдалануды көпжылдық бақылау бойынша ақпараттарды, ысырынды конустар мен төменгі төрттік түзілімдердің сулы горизонттардың қайта бағаланған пайдаланылатын қорлары мен табиғи қорлары мен ресурстарының қалыптасуында қатысатын, негізгі сулы артериялар мен жер беті ағысының режимі мен сушаруашылық балансының деректерін жалпылау және талдау жұмыстары жүргізіледі.

2.2 Гидрологиялық жұмыстар

Гидрологиялық зерттеулердің негізгі тапсырмаларына Ұзынағаш, Ұзынқарғалы және т.б. өзендері мен бұзылған режимді олардың жоғарғы құйылыстары сулы ресурстарының қазіргі жағдайларын және олардың жерасты суларымен өзара байланысу сипаттамаларын нақтылау жатады.

- климаттық жағдайларды, нақтырақ ауданның зерттелуін, температура, ауаның ылғалдылығы, желдің жылдамдығы, атмосфералық жауын-шашындар туралы деректерді, сіңу коэффициенті, судың топырақтан және грунт сулары бетінен, қар жамылғысынан булануы, грунттың қатуы туралы деректерді және барлау жұмыстарын жүргізген кездегі сулылық туралы деректерді бағалау;

- Ұзынағаш кенорыны шекараларында өзен және жерасты суларының өзара әрекеттесу сипаты;

2.3 Тәжірибелік-сүзілулік жұмыстар

Жамбыл ауданының “Жамбыл су құбырының пайдаланылатын ұйымдарынан бүгінгі қолда бар ақпараттарды талдау, Іле ойпатының батыс бөлігіндегі елді-мекендерде жерасты суларының көптеген сутартқыштары, төменгі төрттік түзілімдердің сулы горизонттарының жерасты суларында, Ұзынағаш аудан орталығын шаруашылы-ауыз сумен қамтамасыз ету үшін 4 ұңғымадан тұратын қайта салынған сутартқыш сияқты орналасатындығын көрсетеді.

2.4 Стационарлы гидрогеологиялық (режимдік) бақылаулар

Қазіргі уақытта, жерасты суларының Ұзынағаш кенорыны шектерінде, мемлекеттік режимдік тораптың 4 бақылау посты жабдықталды, бақылауды ЖШС “Алматыгидрогеология” жүргізеді.

Әрбір сутартқышта бақылау бір бақылау ұнғымасында орындалады. Жерасты сулары деңгейін өлшеу декадасына 1 рет жүргізіледі және жер қойнауын пайдалану бойынша Комитеттің мемлекеттік режимдік тораптарының постары бойынша өлшеу күндеріне сәйкес келуі керек.

2.5 Зертханалық жұмыстар

Іле ойпатының батыс бөлігінде барлық сутартқыштар бойынша, су негізінен шаруашылық-ауыз су мақсатында пайдаланылады, сондықтан оларда МЕМСТ 2874-73 «Ауыз су» және СанПжН 3.02.002-04 ҚР талаптарына жерасты суларының сәйкестігін бағалау үшін, сапаны тұрақты бақылау жүзеге асырылады.

Алынған сынамалар Алматы қаласындағы РГКП “Санитарлық-эпидемиялық экспертиза орталығының” зертханасына, ал режимдік, тәжірибелік-сүзілулік жұмыстар мен гидрологиялық бақылау жұмыстарын жүргізгенде алынған сынамалар – Жамбыл ауданы бойынша (Ұзынағаш ауылы) санэпидембақылау басқармасының зертханасына жіберіледі.

2.6 Камералдық жұмыстар мен есепнама жасау

2.6.1 Жерасты суларының Ұзынағаш кенорыны бойынша, қолда бар материалдарды жинау, жүйелендіру және талдау

Жұмыстар құрамына УГКС постары бойынша гидрологиялық және метеорологиялық ақпараттарды жинау, жерасты суларының Ұзынағаш кенорынының жаңа шекараларында бұрында орындалған, гидрогеологиялық және гидрометрикалық режимдік бақылауларды, тәжірибелік-сүзілулік, бұрғылау жұмыстарының нәтижелерін жүйелендіру, талдау мен жалпылау кіреді.

Жұмыс процесінде қолда бар карталар, жоспарлар мен қималардан, нақты көздерден көшіруді орындау, арнайы тексеру гидродинамикалық есептерді жүргізу, әртүрлі көздерден алынған, бастапқы деректер бойынша, әртүрлі қосымша сұлбаларды, қималар салу талап етіледі.

2.6.2 Ұзынағаш кенорынында сутартқыштарды пайдалану тәжірибесі бойынша материалдарды жинау, талдау және өңдеу

Жұмыс құрамына сутартқыштарда суды алу деректерімен бірге жерасты суларының деңгейлік режимі туралы барлық деректерді жинау, жүйелендіру мен талдау кіреді.

Бақылау деректері бойынша, Іле ойпатының батыс бөлігі шектеріндегі барланған кенорындары мен телімдерде, барлау жұмыстарын жүргізуде алынған параметрлермен оларды байланыстыра отырып, негізгі гидрогеологиялық параметрлердің арнайы есептеулері орындалады.

2.6.3 Далалық материалдарды камералдық өңдеу

Далалық зерттеулерді жүргізгеннен кейін гидрологиялық, тәжірибелік-сүзілулік, зертханалық жұмыстар мен режимдік бақылаудың материалдарын аралық және соңғы варианттарын жасау қажет.

Далалық материалдарды камералдық өңдеу процесінде жұмыстардың келесі түрлерін орындау қажет:

- сутартқыштарда тәжірибелік шоғырлық сутарту парақтарын жасау;
- бақылау тораптарының ұңғымалары бойынша режимдік бақылаулар мен гидрометрикалық жұмыстарын жасау.

2.6.4 Жерасты суларының пайдаланылатын қорларын есептеуге, ақпарат дайындау

Іле ойпатының батыс бөлігіндегі күрделі геология-гидрогеологиялық жағдайларды ескере отырып, талдап есептеулермен барлық өзгерістерді (буланудың азаюы, су құйылысының азаюы, сулы түзілімдердің құрғауы, атмосфералық жауын-шашындардың сіңуі есебінен жыл сайынғы толу, су бетінің сүзілуі, әртүрлі жастағы сулы горизонттардың өзара байланысу дәрежесі) ескеру мүмкін емес.

3 Техникалық бөлім

Қарастырылып отырған аумақтың табиғи-географиялық және геология-құрылымдық ерекшеліктері, төрттік жастағы борпылдақ жаралымдарға ұштасқан, бұрын белгілі болмаған, жерасты суларының Ұзын Қарғалы кенорынын қарастыруға мүмкіндік береді.

Ол Іле ойпатының оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан және құрылымдық-тектоникалық қатынаста ауданда палеозой іргетасының максималды майысу белдеміне созылады, ол Ұзынағаш опырығы деп аталды.

Сөйтіп, Ұзынағаш кенорыны жақсы көрсетілген шекараны иеленеді. Ол оңтүстіктен Іле Алатауы жотасының солтүстік беткейлерімен, батыста Ұзынағаш опырығына тұйықталумен шектелген, шығыста – жер бетіне немесе Қаскелең көтерілімінің барынша суды аз өткізетін төрттік түзілімдеріне жақын орналасқан.

Солтүстік шекара таужыныстарының суөткізгіштігінің біртіндеп азаюы мен қимада сутіректі жаралымдар ролінің жоғарылауымен сипатталатын, сынамалану белдеміне сәйкес келеді.

3.1 Геологиялық құрылымы

Іле ойпатының оңтүстік-батыс бөліктерін қамтитын және оның таулы жиектерін қалыптастыратын, әртүрлі жастағы геологиялық жаралымдардың стратиграфиясы мен тектоникалық құрылымы, басында қарастырылған ауданның геологиялық құрылымында толық көрсетілген.

Төменгі төрттік түзілімдер (Q₁) жер бетінен Шамалған-Ұзын Қарғалы, Ұзын Қарғалы-Қайназар, Қайназар-Шортанбай, Шортанбай-Төгерек-Құрашын, Шиен-Қастек өзенаралықтарында қалдықты қырқалар қатары жатады, кенорынының оңтүстік бөлігінде бедерде морфологиялық жақсы көрсетілген тауалды сатыларын «бөктер таулар» қалыптастырады.

Іле Алатауының таулы құрылымдарының интрузивті жаралымдары мен палеозой таужыныстарымен субенді және солтүстік-шығыс бағыттағы аймақтық тектоникалық бұзылыстардың сызықтары бойынша байланысады. Кенорынының қалған бөлігінде олар 20 метрден 174 метрге дейінгі тереңдіктер ұңғымалармен ашылады.

Ортаңғы төрттік аллювиалды-пролювиалды түзілімдер (арQ_{II}). Кенорынының батыс бөлігінде ысырынды конустар шлейфі, шығысқа қарай – Қастек, Қарақастек, Ұзынағаш және Ұзынқарғалы өзендерінің ысырынды конустары жатады. Олардың алаңы 94,37 және 178 км² құрайды. Қарастырылып отырған жаралымдар барлық жерде төменгі төрттікке жанасады. Олардың литологиялық құрамы алаң бойынша да, қима бойынша да біркелкі, сондықтан жастары бірдей шөгінділерді бөлу мүмкін емес.

3.2 Гидрогеологиялық жағдайлары

Жерасты суларының Ұзынағаш кенорынының аумағы, гидрогеологиялық аудандастыру бойынша артезиандық алаптардың Іле жүйесінің оңтүстік-батыс бөлігіне жатады.

Кенорыны шектерінде сулы горизонттар мен кешендер қатары, сол сияқты палеозой және интрузивті таужыныстарының, ашық жарықшақты белдемінің жерасты сулары бөлінеді.

Бұл бөлімде негізгі сулы горизонттар мен кешендердің сипаттамасы келтіріледі, шектерінде жерасты суларының пайдаланылатын қорлары барланған және бекітілген.

Ортаңғы төрттік аллювиалды-пролювиалды түзілімдердің сулы кешені (арQ_{II}) кенорыны алаңында кеңінен дамыған. Оның оңтүстік бөлігінде аллювиалды-пролювиалды жаралымдар сынықты, суөткізгіштігі жақсы таужыныстарынан тұрады, палеозой түзілімдерімен жанасады. Бұл жағдай таулы құрылымдардан жарықшақты сулардың ағуы үшін, екінші жағынан жер беті сулары мен атмосфералық жауын-шашындардың сіңуі үшін қолайлы жағдай туғызады.

Оның жатыс тереңдігі таулы массивке қарай жоғарылайды, онда 112,0-126,5 м (ұңғ.№1850, 1930) жетеді. Ысырынды конустардың ортаңғы бөлігінде жерасты суларының жатыс тереңдігі 44,0-84,5м (ұңғ.№№392, 902).

Қастек-Қарақастек ысырынды конустары шектерінде пьезометрлік деңгейлер жер бетінен 2,5-7,1м шектерде белгіленген. Сулы таужыныстары қойтасты-малтатастар, малтатастар, кейде гравийлі-малтатастар және гравийлі құмдармен ашылған.

Қима үшін жобалау мен қалыңдығы бойынша тұрақсыз, суөткізбейтін қабатшаларды бөлетін, күрделі конфигурация тән. Олар әдетте саздақтармен ашылған, қалыңдықтары 1-2 метрден 15-18 метрге дейінгі қалыңдықты иеленеді. Амангелді телімінің шектерінде қиманың сулы бөлігінің қалыңдығы 76-112,0м, Ұзын Қарғалыда – 77,3м-ден 115,5м дейін ауытқиды.

3.3 Есептік гидрогеологиялық параметрлерді анықтау және жерасты сулары қорларын есептеу үшін басқа мәліметтерді негіздеу

Ортаңғы төрттік аллювиалды-пролювиалды түзілімдердің сулылығы өте жоғары. Ұзын Қарғалы телімінде, барлау профилінің сызығы бойынша арынды-арынсыз суларды ашатын, ұңғымалардың дебиттері су деңгейі 2,8-4,4м төмендегенде 20,6 л/сек-63,8 л/сек дейін, үлестік дебиттер 7,3-14,5 л/сек дейін өзгереді, максималды дебит №2180 ұңғымасынан алынды, онда сулы қабаттың жалпы қалыңдығы 115,5м жетеді.

Барлау профилінен оңтүстікке қарай, ысырынды конустардың ортаңғы бөлігінде ұңғымалардың дебиттері, су деңгейі 0,4-2,5м төмендегенде, 3,0 -18,2л/сек дейін өзгереді. Үлестік дебиттер – 7,2-7,5 л/сек.

Телімнің жоғарғы бөлігінде шығындар су деңгейі 8,3-2,0м төмендегенде 2,1-8,0 л/сек дейін, үлестік дебиттер 0,25-4,0 л/сек дейін өзгереді.

3.1 кесте - Ұзын Қарғалы теліміндегі сынаманану нәтижелері

Рет-тік №	Ұңғ. №	Сулы қабаттың қалыңдығы	Сүзгілерді орнату аралықтары, м	Статикалық деңгей, м	Сутарту нәтижелері		
					л/сек	м	л/сек/м
Ұзын Қарғалы телімі							
1	2180	115,5	87,3-99,7 109,5-121,2 131,3-141,7	16,3	63,8	4,4	14,5
2	2	104,5	66,0-96,0	35,17	33,8	4,1	8,1
3	2185	110,0	75,0-90,0	24,9	40,0	5,9	6,7

			92,0-99,0 106,0-109,0				
4	1	77,3	54,85-64,20 80,10-86,0	14,5	50,0	4,8	10,4

Келтірілген деректер таужыныстарының айтарлықтай сулылығы туралы дәлелдейді. Кешеннің жерасты сулары тұщы, минералдылығы 0,2-0,9 г/л. Химиялық құрамы бойынша гидрокарбонатты-кальцийлі, кейде сульфатты-гидрокарбонатты кальцийлі, гидрокарбонатты-сульфатты кальцийлі.

Хорнердің арынды суларға арналған тәуелділік формуласын негізге ала отырып деңгейөткізгіштік коэффициенті есептелді:

$$S \cdot \delta = \frac{lg}{T + t}, \quad (1)$$

мұндағы, $\delta_y = km/\mu$ -деңгейөткізгіштік коэффициенті
 m - сулы горизонттың қалыңдығы-104,5 м;
 μ -су қайтару коэффициенті-0,21

$\delta_y = \frac{24,7 \cdot 104,5}{0,21} = 12,3 \cdot 10^3 \text{ м}^2/\text{тәу}$. Есептеу нәтижесі бойынша деңгей өтімділік-
 $12,3 \cdot 10^3 \text{ м}^2/\text{тәу}$ тең, осы көрсеткіш есепте қолданылды.

Су деңгейінің рұқсат етілген төмендеуінің мөлшері

Су деңгейінің рұқсат етілген төмендеуінің мөлшері сулы горизонт қалыңдығының мөлшерінен 0,5 есе аспауы керек, яғни біздің жағдайда төмендеу мөлшері 52,25 м-ден аспауы қажет.

3.4 Жерасты суларының пайдаланылатын қорларын есептеу

Жерасты суларының пайдаланылатын қорларын есептеу үшін біз гидродинамикалық есептеу әдісін қолданамыз.

Сулы горизонттағы деңгейдің болжамдық төмендеуі:

$$S = S_0 + \sum_1^n S_{вл} \quad (2)$$

мұндағы, S_0 -пайдаланылатын ұңғымадағы су деңгейінің төмендеуі,м;

$S_{вл}$ -осы ұңғымадағы су деңгейінің n -ші әсер етуші сутартқы жұмысының әсерінен төмендеуі;

n - ұңғыма саны.

Арынсыз жағдайларда су деңгейінің төмендеуі:

$$S_{BB} = H - \sqrt{H^2 - \frac{Q}{2\pi k} \ln \frac{2,25a t}{r_0^2} - \frac{Q}{\pi k} \cdot 0,5\xi - \frac{Q_{cv}}{2\pi k} \cdot \ln \frac{2,25a_{cv} t_{cv}}{r_{cv}^2}}, \quad (3)$$

мұндағы, H -сулы горизонт қалыңдығы,104,5 м;

$Q_{ұңғ}$ -сутартқы ұңғымасының дебиті, 2920,32 м³/тәу;

r - ұңғыма радиусы, 0,08м;

$k_{ұңғ}$ -ұңғыма теліміндегі сүзілу коэффициенті,24,7 м/тәу;

a_y - сутартқы ұңғымасындағы деңгейөтімділік коэффициенті;
 $12,3 \times 10^3 \text{ м}^2/\text{тәу}$;

ξ -ұңғыманың ішкі сүзілу кедергісі коэффициенті, 2,04;

Q -әсер етуші сутартқы өнімділігі, $70000 \text{ м}^3/\text{тәу}$;

k -әсер етуші сутартқы теліміндегі сүзілу коэффициенті, 74,6 м/тәу;

a -әсер етуші сутартқы теліміндегі деңгейөтімділік коэффициенті, $16,5 \cdot 10^3 \text{ м}^2/\text{тәу}$;

r -әсер етуші сутартқыға дейінгі қашықтық, 6925 м.

Параметрлерді формулаға қою нәтижесі:

$$S_{\text{вл}} = 104,5 - \sqrt{104,5^2 - \frac{2920,32}{2 \cdot 3,14 \cdot 24,7} \cdot \ln \frac{2,25 \cdot 12,3 \cdot 10^3 \cdot 10000}{0,08^2} - \frac{2920,32}{3,14 \cdot 24,7}} \cdot \sqrt{0,5 \cdot 2,04 - \frac{70000}{2 \cdot 3,14 \cdot 74,6} \cdot \ln \frac{2,25 \cdot 16,5 \cdot 10^3 \cdot 10000}{6925^2}} = 3,93 \text{ м.}$$

Нөмір 2 ұңғымадағы су деңгейінің төмендеуі құраушылардың барлығымен есептегенде 3,93 метр.

3.5 Жерасты сулары пайдаланылатын қорының қамтамасыздық деңгейін бағалау

Пайдаланылатын қорлардың қамтамасыздық деңгейі:

$$Q = Q_e + \frac{V_e \cdot a}{T}, \quad (4)$$

мұндағы, Q – жерасты суларының пайдаланылатын қорлары, $\text{м}^3/\text{тәу}$;

Q_e – жерасты суларының табиғи қорлары, м^3 ,

T -сутартқыны пайдалану уақыты, 10000 тәулік;

a – жерасты суларын пайдалану коэффициенті, $\alpha = 0,5$.

3.5.1 Табиғи қорларды бағалау

Табиғи қорларды бағалау үшін Дюпюи формуласын қолданамыз:

$$V_e = \mu FH, \quad (5)$$

мұндағы, μ - су беру коэффициенті, 0,21;

H - сулы горизонт қалыңдығы, 104,5 м.

F - әсер ету радиусы шегіндегі барлау телімінің ауданы мына формуламен анықталады- $F = \pi r^2$, м^2 ;

Көрсетілген формулаларға берілген мәндерде қойып, есептеулер жүргәземіз:

$$F = \pi r^2 = 3,14 \cdot 10282^2 = 3,32 \cdot 10^8$$

$$V_e = \mu FH = 0,21 \cdot 3,32 \cdot 10^8 \cdot 104,5 = 72,86 \cdot 10^8$$

$$Q_e = \mu Fk = 0,21 \cdot 3,32 \cdot 10^8 \cdot 24,7 = 17,22 \cdot 10^8$$

Жерасты суларын пайдалану коэффициенті $\alpha = 0,5$ -ке тең, $t=27$ жыл уақыттағы табиғи қорлардың телімдегі мөлшері:

$$v_e = \frac{Q_B \cdot a}{T} = \frac{17.22 \cdot 10^8 \cdot 0.5}{10000} = 8.61 \cdot 10^4 \text{ м}^3/\text{тәу} \text{ немесе } 996.53 \text{ дм}^3/\text{с}. \quad (6)$$

3.5.2 Табиғи ресурстарды бағалау

Жерасты суларының табиғи ресурстарын бағалау үшін Дарси формуласын қолданамыз:

$$Q_T = F \cdot k \cdot J, \quad (7)$$

мұндағы, К-сулы горизонттың сүзілу коэффициенті, 24,7м/тәу;

J-жерасты сулары (грунт сулары) ағысының гидравликалық еңісі, 0,001

F-ағын қимасының ауданы, м². Ол мына формуламен анықталады:

$$F = 2R \cdot H, \text{ м}^2, \quad (8)$$

мұндағы, R-жерасты сулары ағысының ені-10282м;

H-сулы горизонт қалыңдығы –104,5м;

Жоғарыда келтірілген мәндерге Дарси формуласы бойынша есептеулер жүргіземіз (Q_T):

$$F = 2 \cdot 10282 \cdot 104.5 = 2148938 \text{ м}^2,$$

$$Q_T = 2148938 \cdot 24.7 \cdot 0.001 = 53078.7686 \text{ м}^3/\text{тәу} \text{ немесе } 614,329 \text{ дм}^3/\text{с}.$$

Сонымен, жер асты суларының 2920,32 м³/с немесе 33,8 дм³/с мөлшердегі есептелген пайдаланылатын қоры табиғи қорлардың (8,61·10⁴ м³/тәу немесе 996.53дм³/с.) және табиғи ресурстардың (53078,7686м³/тәу немесе 614,329 дм³/с) есебінен толығымен қамтамасыз етілген.

3.6 Жобалаудың геологиялық-гидрогеологиялық жағдайын бағалау

Жобалаудың геологиялық-гидрогеологиялық жағдайын бағалау үшін мына формулаларды қолданамыз:

Су деңгейінің жұмыстық төмендеуі, м:

$$S = \frac{36 \cdot Q}{K_{\phi} m}, \quad (14)$$

Меншікті өнімділік :

$$q = \frac{Q}{S}, \quad (15)$$

Динамикалық деңгей, м :

$$h_o = h_c + S, \quad (16)$$

Статистикалық арын, м:

$$H_c = H - h_c, \quad (17)$$

Сулы қабаттың арындылығының көрсеткіші:

$$\mu = \frac{H_c}{H}, \quad (18)$$

мұндағы, Q - жұмыстық өнім-121,68 м³/сағ;
 $Q_{\text{ұнғ}}$ -ұңғыманың өнімділігі-8,5 м³ /сағ;
 K -сүзілу еселегіші-18,5, м/тәу;
 m -сулы горизонттың қалыңдығы-104,5м;
